

Павлодар 1-ЖЭО мүліктік кешенін жекешелендіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 25 маусым N 789

Павлодар облысының энергетика қызметін қаржылық және шаруашылық дамыту және аймақты сенімді әрі үздіксіз энергиялық жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті он күн мерзімде Павлодар 1-ЖЭО балансында тұрған мүлікті өткізу-қабылдау актісі бойынша Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі комитетіне берсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп 1996 жылғы 15 шілдеге дейін Павлодар 1-ЖЭО-ны қаржылық және экономикалық сауықтыру үшін қажетті инвестициялық қажеттілігін айқындасын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті бір ай мерзімде Павлодар 1-ЖЭО сыртқы және ішкі қарыз міндеттемелерін өтеу тетігін әзірлесін.

4. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік

комитеті 1996 жылғы 1 тамызға дейін Павлодар 1-ЖЭО-нің мүліктік кешенін жекешелендіру жөнінде ашық тендер өткізсін.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау Премьер-Министрдің орынбасары Г.Г. Штойкке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК